



6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ТЕОРИЯСЫ. ЭЙЗЕНШТЕЙННЕН ТАРКОВСКИЙГЕ ДЕЙІН

Кинодағы жанрлар





Фильмдер:

- «Қызыл шайтандар» М. Перестиани
- «Дилижанс» Дж. Форд
- «Кабаре» Б. Фосси
- «Сұлу» Маршалл
- «Бен Гур» У. Уайлер

Мақсат: Киноның негізгі жанрларымен таныстырып, олардың ерекшеліктеріне тоқталу.

Жалпы, «жанр» сөзі француз тілінен аударғанда «тамыр», «түп» деген мағынаны білдіреді. Яғни, әр өнерде, соның ішінде, кинода да өзінің белгілі бір жанрлары болады. Фильм құрылымының ұқсас сипаттары оларды белгілі бір топқа жіктеп, жанрға бөлуге мүмкін береді. Алайда, бірқатар фильмдердің, айталық, сюжеттегі ұқсас сипаттары стилистикалық және бейнелік шешімге қарсы келуі мүмкін. Осы сипаттарына сүйене отырып, жаңа топтарды құруға болады. Яғни, фильмді қайсыбір жанрға жатқызудың өзі шартты болуы әбден мүмкін.

Кинематографта «жанрлық кино» және «жанр заңдылықтары» деген ұғым бар. Олар көбінеки сауықшыл, коммерциялық фильмдерге қаратып айтылады. Бұл ұғымдар осы тектес кинолар белгілі бір мөлшерде фильм құрылымының ережелеріне бағынышты екенін көрсетеді. Оның коммерциялық табысы да осыған байланысты. Яғни, «экшн» фильмі неғұрлым жанрға жақын болса, табыс әкелуі де соған тікелей байланысты. Алайда, көптеген авторлық фильмдер де киноның қайсыбір жанрына жатқызыла алады. Сол себепті, осы күні жанрға жатпайтын екі үлкен топты құрайтын фильмдердің тобы бар – «артхаус», авторлық кино, және «мейнстрим» - яғни, «негізгі толқын» тікелей аударғанда, коммерциялық табысты көздеген бюджеті орасан фильмдер. Фильмдердің соңғы тобын даярлау барысында барлық жағдайлар ескеріледі. Соның ішінде, «жанрлық стереотиптер» мен қалың көрермен сұранысын. Осы екі талапқа сай болуы тиіс. Сол себепті, олар авторлық фильмдерден жеңілірек әрі киноның қайсыбір жанрына оңай жатқызылады. Мысалы, мелодрама, экшн, комедия, мюзиклдер тағы басқа.

Фильм жанрларының пайда болуы Голливудтың «алтын ғасырындағы» фильм өндірісімен байланысты. Жүздеген фильм шығарылған тұста, өндірістік конвейерді ұйымдастыру, «еңбек бөлінісі» ескеріліп отырды. Нәтижесінде, голливудтық студиялар жанр бойынша жіктеле бастайды. Әр студия белгілі бір жанрға назар аударады. Ең танымал жанр – «вестерн» яғни, «батыстық» деген мағынаны білдіреді. Ол азаматтық соғыс, американың тұрғылықты халқы мен еуропалық жаулап алушылардың соғысы сынды тақырыптарды қамтиды. Қазір сіздермен бірге Серджио Леоненің «Бірде, жабайы батыста» фильмінен үзінді көрейік.

Негізі «вестерн» - киноның бірегей жанры саналады. Себебі, ол киноның ерте даму тарихында пайда болған. Өзінің белгілі бір сипаттары бар. Мысалы, ат шабысы, ковбойлар, жергілікті америка халқы деген секілді.

Киноның байырғы, базалық жанрлары - комедия, мелодрама және шытырман оқиғалы фильм. Оны қазіргі тілмен «экшн» деп те атайды. Ағылшын тілінен аударғанда «қозғалыс», «әрекет» деген мағынаны білдіреді. Уақыт өте жанр сарыны стереотипке айналып, әзіл нысанына, пародияға айналып кетті. Мысалы, комедияны алсақ, әсіресе комедияға ол өте лайықты. Кеңес заманындағы Леонид Гайдай есімді атақты комедиографы «Ы операциясы және Шуриктің басқа да басынан кешкен оқиғалары» атты фильмінен үзінді көрейік.

Көріп отырғанымыздай, бұл комедия жанры. Комедияның өзі де бірнеше сатыға бөлінеді. Л.Гайдай көбінесе эксцентрикалық комедияларды, қазір оны «гэк» деп те атайды, пародияға жақын комедияларды түсірген болатын. Кемшін жанрлардың түрлену қабілеті. Киноның әр даму сатысына өз жанры тән. Ресейдің революцияға дейінгі киносында, одан бұрын батыстың бастапқы киноларында басты жанр мелодрама, комедия, авантюралық фильмдер болатын. Сондықтан, сол тұстағы экранның шектеулігі алға тартылады. Бұл әділ құбылыс. Алайда, киноның қалыптасуының өзге тұсын да назардан тыс қалдыруға болмайды: осы жанрлар арқылы кино өмірді қозғалыс ретінде (авантюралық, комедиялық фильмдер) және уайым ретінде (мелодрама) суреттеуді үйренеді. Осы жанрлар кино өнерінің дамуына түрткі болды. Яғни, киноның әр даму сатысында уақыт пен тарих талабына сай жанрлар пайда болды. Жанр жүйесін негізінде стиль айғақтайды. Жанр жүйесін стиль айғақтайды. Бұл сөздің мағынасы – «қалам», «жазу». Оны зерттеу жанрдың тарихи мәнін түсінуге мүмкін береді.

Әуелгі кинематографтың стилі комедиялық, детективті және мелодрамалы болып келеді. Бұл жанрлар



Кітап: Кино теориясы. Эйзенштейннен Тарковскийге дейін

Дәріс: Кинодағы жанрлар

өзара ұқсас, сол себепті, өзара әрекеттесуден бөлек, біріне-бірі кірігуі де оңай.

Болашақта біз детектив пен мелодраманың өзара қабысып ғана қоймай, биік жанрлы фильм құрылымына кірігіп, соның ішіндегі катализатор іспетті әрекет етті. Яғни, өзін толық танытпағанымен, осы жанрдың өркен жаюына жан-жақты әсер етті.

Детективті-авантюралық фильмдер (сонымен бірге, вестерн) және комедия жанрының өзара кірігуі де жемісті болды. Мұнда натура мен актер ойынының бірігуінен экран оқиғасының түбірлі сипаттары ашылды.

Дыбыссыз кино кезеңінің жұлдызы болған Бестер Китонның туындыларында («Китон-детектив» және басқасы) біз детектив пен комедияны көреміз, анығында, мұндағы комедия детективке жасалған пародия. Кулешовтың «Мистер Весттің большевиктер елінде басынан өткергені» фильмі де – вестернге жасалған пародия. Пародия болғанымен, бұл фильмдердің мазмұны өзекті. Яғни, режиссер, жанрды пародиялап отырып, фильмнің белгілі құрылымдарын жаңа мазмұнға қызмет етуге бағындырады. Кулешовтың «Ажал сәулесі» детективі, байыпты жасалғанымен, осы күні езу тартқызады. Ал, «Мистер Вест» неше жыл өткенімен, әлі де жылы қабылданады. Бейнеленген оқиғалар мен оны көрсету формасына қатысты бізде пайда болатын ирония, туындының өзінен көрініс тапқандықтан, ол ескірмейді. Циркте тап осылай: акробаттың манежде істегенін клоун қайталанғанда біз жалықпаймыз: біріншіден, клоун да бұны шебер орындайды, ал, екіншіден, комедиялық трактовкасы арқылы оған тың мағына дарытады. Енді, «Мистер Весттің большевиктер елінде басынан өткергені» фильмінен үзінді көрейік.

Жанрлық фильмдер жайлы айтқанда, Семен Израильевич Фрейлихтің «Кино теориясы» кітабының ең алғашқы нұсқасы 1992-ші жылы жарық көрген еңбегінде өте қызық ойлар айтылады, кинодағы жанрлар туралы. Оның айтуы бойынша, жанрлар, мысалы, сурет өнеріндегі атауы мен жіктелуі кино өнерімен мүлдем жанаспайды. Өйткені, ол жақтағы тұрмыстық жанр, портрет, шайқас жанры немесе натюрморт жанрларының кино өнеріне еш қатысы жоқ. Оны қайталау мүмкін емес. Тағы бір ерекшелігі, сурет өнеріндегі жанр атаулары сол картинаның мазмұнымен пара-пар. Егер тарихи жанр десек, бұл картинада белгілі бір тарихи оқиға суреттелгенін түсінеміз. Шайқас жанры десек те, тап солай. Демек, белгілі бір шайқас суреттеледі. Ал, енді, киноға келгенде жанр көбінесе әдебиетке жақындау. Мысалы, кинороман, киноповесть деген секілді. Формасы жағынан әдебиетпен байланысы көбірек екенін байқауға болады. Пародия деген жанрдың ерекше түрленуі. Пародия заттың ішкі құрылысын ашады. Ол орындау мәнерін қайталамайды, ол оны бағалайды. Пародия дегеніміз әзіл аралас баян. Пародия үнемі тұспалдап жеткізу тәсілі.

П. Бляхиннің повесі негізінде түсірілген И. Перестианидің «Қызыл шайтандар» фильмі шытырман оқиғалы фильм жанрындағы маңызды белес. Қырық жылдан астам уақыттан кейін, Бляхин повесін Э. Кеосаян экрандайды - оның «Қолға түспейтін кек алушылар» фильмі әсіресе жастар мен жасөспірімдер арасында орасан табысқа ие болды. Дегенмен, «Қызыл шайтандар» атты ескі фильм де өз құнын жоғалтпады. Перестианин фильмін тамашалай отырып, одан алар әсеріміз аласармайды. Бәлкім, мұнда қолданылған құралдардың қулықсыз орындалғанынан болар. И. Перестианиде екінші пландағы кейіпкерлер ғана емес, басты кейіпкерлер де күлкілі оқиғаларға тап болып отырады. Мүмкін содан да болар. Енді, «Қолға түспейтін кек алушылар» фильмінен үзінді көре отырайық.

Енді, кино жанрында кең таралған детектив жанры жайлы айтсақ, оның Корней Чуковский 1908 жылғы «Нат Пинкертон» атты мақаласында, сол шақта экранды жаулап алған детективтерді «капиталистік қаланың эпосы» деп атаған. Кинодағы осы құбылыстың басымдығының тарихи себептерін түсіндіре отырып, жазушы әдебиеттегі осы тектес үрдістерге көңіл аударады. Мұнда ол детектив кейіпкері типінің өзгеруін бажайлайды: ағылшын жазушысы Артур Конан-Дойлдың кейіпкері Шерлок Холмс қысқа мерзім ішінде, күллі жансыздардың жансызы, із кесуші Нат Пинкертонға айналады. Алайда, қара күшке сыйынған Пинкертонның болмысы зиялы, ізденімпаз Шерлок Холмсқа мүлдем ұқсамайды. Чуковский айтпақшы, оның ақындық болмысынан сына да қалмаған. Неліктен болмысы романтикалық Шерлок Холмс сырт қалды, неліктен оны Пинкертон ығыстырды, жарты ғасыр өткен соң, кино күшімен қалайша жаңа миф – 007 агент Джеймс Бонд пайда бола қалды? Тарихи тұрғыдан, Пинкертон Бондты, ал, Бонд – Пинкертонды толықтырып тұр. Осы кейіпкерлердің әрқайсысы – миллиондаған көрерменнің рухани сұранысының тікелей көрінісі, соның мазмұны іспеттес..

Енді, «Голдфингер» фильмінен үзінді көре отырайық.

Тағы бір кеңінен таралған жанр - мелодрама. 1920-шы жылдары мелодрама сұранысқа ие еді. Оны дәстүршіл саналған Я. Протазанов та («Мейрамхана адамы», 1927), жаңашыл саналған Эрмлер («Катка-қағаз ранет», 1926), сонымен бірге, Козинцев пен Трауберг («Шайтан дөңгелек», 1926) туындылары



мелодрама жанрында қойылды. Туынды жарық көрген соң, оны жасаушылардың биографиясындағы елең еткізер құбылыс болып ғана қоймай, кеңестік кино тарихына енді. Ал, сол кезден бері мелодрамаға деген көзқарас та өзгерді. Мелодрама қайтадан екінші дәрежелі дүние саналды. Бұл жанрдағы фильмдер «бүркеншік атпен» шықты: біресе, музыкалық комедия, біресе, киноповесть, кейде, трагедия – бәрі де мелодрамадан артық саналды. Мелодрама қойғаннан гөрі, тарихи эпопея қойған салмақтырақ көрінетін.. «Мелодрама» сөзінің өзі «сәтсіздік» сөзінің синонимі ретінде қабылданып, «мелодрамалық» эпитеті сыни мақалаларда жағымсыз анықтама ретінде қолданылып келді. Ол туралы осы кітаптан да біле аламыз.

Тарихи-революциялық фильм жаңармай тұрып («Коммунист», «Ленин Польшада», «Алтыншы Шілде»), жалған классикалық эпопеяның рационализміне соққы жасаған Чухрайдың «Қырық бірінші» фильмі. Қарапайым, қатардағы қызыл әскер сарбазының сауатсыздығын Трагедиялық пафос деңгейіне дейін көтерген драма көрермен қошеметіне бөленіп, осы туындының демократиялық ұстынын айқындап, оның сәтті көрсетіліміне негіз болды. Бұл фильм ол тұста мелодрама ретінде қабылданбады. Осы жанр туралы дәстүрлі түсінік солай еді. Оның үстіне, «Қырық бірде» партизан Марютканың болмыс-бітіміне сай келетін трагедияның барлық ұстанымдары сақталған – бұл трагедиялық болмыс-бітім емес, оның драмалық және лирикалық сипаты басым («Сарбаз туралы балладасында», Чухрай осы тап осындай болмыс-бітімді өзінің үйлесімді тұрғыда ұғынатынын тағы бір дәлелдеді).

Кинодағы тағы бір маңызды жанр – трагедия. Бұл жанрды С.М. Эйзенштейн фильмдері арқылы көре аламыз. Төменгі және биік жанрлардың өзара ықпалдастығы «Ереуілден» «Иван Грозныйға» дейінгі Эйзенштейн шығармашылығының эволюциясын түсіндіреді. «Ереуіл» мен «Потемкинді» деректі стилистикада дайындаған Эйзенштейн жеке кейіпкер мен интригадан саналы түрде бас тартады. Алайда, «Вива, Мексикада» ол махаббат интригасын енгізді. «Бежин жайылымында» детектив элементі пайда болады – кісі өлімін тергеу. Осы әсерлі драмалық құралдар «Иван Грозныйда» терең маңызға ие. Мұнда ғашықтар үшбұрышы да (Грозный - Анастасия - Курбский), улау да (Анастасияның ажалы), өзінің қазған орына өзі түскен (Старицкаяның клевет Грозныйдың киімін киіп шыққан Ефросиньяның ұлын өлтіреді) Ефросинья Старицкаяның қатаң интригасы бар. «Потемкин» тұсында бас тартқан дүниелер, «Грозныйда» драматургия негізін құрайды. Эйзенштейн сонымен бірге, былай деген: «Менің «Грозныйым» «Потемкиннен» шыққан. Олай болса, былай деуімізге болады: трагедияның биік жанры төменгі жанр әдістерін қолданған тағы бір биік жанр – эпопеядан шыққан». Осы тұрғыда С.Фрейлихтің тағы бір цитатасын келтіргім келеді. Яғни, «эпопея жанрында автордың маңызы өте зор» - деген. Автордың бейнесі бірінші қатарға шығады. Ал, басқа жанрда, бұл – кейіпкер. Әрине, тағы көптеген жанрлар бар. Біз негізгілерін ғана қарастырдық. Сіздерге қосымша тапсырма ретінде ұсынарым, вестерн, комедия жанрындағы фильмдерді көріңіздер. Көрген киноңызды ой елегінен өткізіп, ол таза жанрда түсірілген бе, әлде, бірнеше жанр өзара түйіскен бе, соны талдап, жазбаша ой түртсеңіз.